

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 22 маусымдағы № 962 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 227 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 қазандағы № 870 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 31.10.2015 № 870 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Аумақтық суларда (теңізде) жүзу және шаруашылық, зерттеу, іздестіру және кәсіпшілік жұмыстарын жүргізу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 22 маусымдағы № 962 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2009 ж., № 31, 284-құжат) мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Аумақтық суларда (теңізде) жүзу және шаруашылық, зерттеу, іздестіру және кәсіпшілік жұмыстарын жүргізу ережесі: мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

«2-1. Осы Ережеде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) зерттеу жұмыстарын жүргізу, зерттеу қызметі - гидрографиялық, гидрологиялық, гидрометеорологиялық, гидрохимиялық және геофизикалық жұмыстарды жүргізуге байланысты қызмет, сондай-ақ сулар мен теңіз түбі флорасының, фаунасының жай-күйін зерттеулер;

2) кәсіпшілік жұмыстарды жүргізу, кәсіпшілік қызмет - балық аулауға және басқа су жануарлары мен жәндіктерін ұстауға және қорғауға байланысты кез к е л г е н ж ұ м ы с ;

3) шаруашылық жұмыстарын жүргізу, шаруашылық қызмет - аумақтық сулардағы (теңіздегі) кемелерде жүзеге асырылатын барлық жұмыстар мен қ ы з м е т т е р д і ң т ү р л е р і ;

4) іздестіру жұмыстарын жүргізу, іздестіру қызметі - су түбін зерделеуге және пайдалы қазбаларды іздеуге байланысты геологиялық жұмыстар жүргізу.»;

7-тармақтағы «Қазақстандық теңіз кемелерінің» деген сөздер «Теңіз кемелерінің» деген сөздермен ауыстырылсын;

1 0 - т а р м а қ т а :

«Шетелдік» деген сөз «Қазақстандық және шетелдік» деген сөздермен

а у ы с т ы р ы л с ы н ;

«қылмыстық іс жүргізу және әкімшілік» деген сөздер алынып тасталсын;

15-тармақтың екінші абзацында:

«орындау үшін» деген сөздерден кейін «жүзу құралдарымен және өзге де көлік құралдарымен» деген сөздермен толықтырылсын;

«хабарлаусыз» деген сөзден кейін «, Шекара қызметімен келісілген тізімдер бойынша» деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

«Тізім он жұмыс күні ішінде келісіледі.»;

16-тармақтағы «халықаралық ұйымдар» деген сөздерден кейін «Шекара қызметімен келіседі және» деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының

К. Мәсімов